



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕ?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



МҰРАСЫН МҰРАТ ЕТКЕН

5-БЕТ | РУХАНИЯТ



«ТАЛҒО» ТАЛҒАМҒА САЙ МА?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Үкіметтің басты міндетінің бірі – ана мен баланың денсаулығын сақтау. Өкінішке қарай, сәбилердің өлімі көбейді. Ана өлімі де өсуде. Мен перинаталдық қызметтің жай-күйін тексеруге тапсырма бердім. Оның қорытындысы бойынша тиісті шаралар қабылдануы керек еді. Бірақ барлық жұмыс аудит деңгейінде тоқтап қалды. Қазіргі перзентханалардың көбі халықаралық стандарттарға сай емес. Сондықтан шұғыл шаралар қабылдап, осы мәселені шешу қажет.

№99
(4377)

Сейсенбі
23 тамыз
2022 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АПАТТЫ ҮЙДЕН – ЖАҢА ПӘТЕРГЕ

Елордадағы 18 апатты үйдің тұрғындары жаңа баспанаға көшеді. Онда 300-ден астам отбасы тұрады.

Көшетіндер арасында Сарыарқа ауданындағы Рауан тұйық көшесіндегі 15, 16, 17-үйдің тұрғындары да бар. Мұндай жер үйлер мен көпәгерлі үйлердің негізгі мәселесі электр сымдары, кәріз жүйесі, сумен қамту, шатыр, іргетасына қатысты болып келеді. «Елорда даму» бағдарламасы бойынша тұрғындарды қауіпті үйлерден көшіру жұмысы жалғасуда. Бағдарлама басталғаннан бері апатты үйлерден шамамен 4200 отбасы көшірілді.

148 МЕКТЕП 5 КҮНДІККЕ КӨШЕДІ

Бас қаладағы 216 мыңнан аса оқушысы бар 148 мектеп биылғы қыркүйектен бастап бескүндік оқу форматына көшеді. Бұл – қаладағы барлық мектептердің 98 пайызы.

Бескүндікке тек үш ауысыммен оқитын мектептер ауыспайды. Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев педагогтарға да, оқушыларға да жүктеме азаятынын мәлім етті. Мұндай шешім қабылдауға оқу жылын 31 мамырға дейін ұзартудың нәтижесінде мүмкіндік туды.

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов сенбі педагогтардың демалысы болып бекітілгенін ресми мәлімдегені белгілі. Бес күндік жұмыс мұғалімдерге сабаққа дайындалуға, балаларымен уақыт өткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ сенбіде оқымайтын балалар да бос уақытын пайдалы іске арнайды.

Биыл елордада «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында 250-ге жуық, ал үш жыл ішінде 750-ден астам аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылған болатын.

3

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨРКЕЙЕ БЕРЕДІ



Астаналық «Барыс» елордада өткен шайбалы хоккейден Қазақстан Президенті кубогына турнирінің жеңімпазы атанды. Басы қатты болып басталған жарыстың аяғы тәтті аяқталды. Алаң иелері алғашқы ойында Екатеринбургтің «Автомобилист-нен» овертаймда 3:4 есебімен жеңілсе, қалған екі кездесуде жеңіске жетті.

КУБОК ЖЕҢІМПАЗЫ – «БАРЫС»

«Барыс» Нижнекамскінің «Нефтехимигінен» 3:0 есебімен айласын асырса, шешуші ойынды Магнитогорскінің «Металлургімен» өткізді. Онда қарсыласын 3:2 есебімен жеңді. Алаң иелері сапындағы голдардың авторлары – Дінмұхамед Қайыржан, Джереми Бракко және Энтони Луис.

«Барыс» Президент кубогын бесінші рет иеленді.

Марапаттау рәсіміне Қазақстан хоккей федерациясының президенті Асқар Мамин және Апатат партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының атқарушы хатшысы Берік Жакенов қатысып, жеңімпазға кубокты тапсырды.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 480.15 \$ USD/KZT 476.43 ₰ RUB/KZT 8.07 ¥ CNY/KZT 70.54

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізді. Кездесуде Мемлекет басшылары Қазақстан-Ресей стратегиялық әріптестігінің өзекті мәселелерін жан-жақты талқылады. Сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты қарым-қатынастың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Шын мәнінде, Қазақстан мен Ресей арасында стратегиялық серіктестік негізіндегі қарым-қатынас орнаған. Биыл біз дипломатиялық қарым-қатынас орнатудың өте маңызды датасы – 30 жылдығын атап өтіп жатырмыз. Осыдан 30 жыл бұрын Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа қол қойылды. 2013 жылы осы шарт елдеріміз арасындағы одақтастық қатынастар туралы сіз қол қойған жаңа құжатпен толықтырылды. Сондықтан қалыптасқан негіз өте жақсы, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев сауда-экономикалық ынтымақтастық табысты дамып келе жатқанына тоқталып, өнеркәсіп кооперациясы біздің көңілімізден шығатындай елеулі нәтижелерге жеткенін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, сауда динамикасы дұрыс жағынан дамып жатыр. Былтыр сауда көлемі 24,5 миллиард долларды құрады. Президент бұл көрсеткішпен Ресей біздің тауар айналымымызда бірінші орында тұрғанын айтты.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ және басқа да халықаралық институттар арқылы белсенді ынтымақтасып келе жатқанымызға тоқталды.

– Биыл Қазақстан ТМД-ға төрағалық етеді. Қазан айында ТМД саммиті өтеді.

Оған өзіңіз қатысасыз деген сенімдемеміз. Оның үстіне Ресей Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында маңызды рөл атқарады. Бұл – шынымен де, халықаралық форматтағы ынтымақтастықтың басым бағыты, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қазіргі геосаяси жағдайдағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайту мәселелеріне назар аударды.

– Геосаяси жағдайдың ерекшелігі Үкіметтерімізге қосымша нұсқаулар беру үшін келісіп алу қажет екенін көрсетіп отыр. Олар бір-бірімен табысты қызмет етіп келеді. Дегенмен өмірдің өзі жаңа міндеттер қояды және олар шешуді қажет етеді. Жалпы, біздің ынтымақтастығымыздың дамып келе жатқанына қанағаттануға толық негіз бар. Мен бұл тұрғыда сізбен келісемін. Бізді ортақ шекара біріктіреді. Ол – әлемдегі ең ұзын, құрлықтағы толығымен делимитацияланған шекара. Біздің ынтымақтастығымыздың болашағына қағисты пессимистік болжамдар жасауға, әрине, негіз жоқ! Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде барлық салалардағы екіжақты ынтымақтастығымызға қосымша серпін беруге ниеттімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа шақыруын қабыл алып, Сочиге келгеніне алғысын білдірді.

– Шақыруымды қабыл алғаныңызға рақмет. Біз екеуміз үнемі кездесіп тұра-

мыз. Жақында ғана жүздескен едік, бірақ Сочиде кездесуге келістік. Алдымызда өте ауқымды жұмыс бар. Ал биыл ерекше жыл. Біз қазан айында дипломатиялық қарым-қатынастың 30 жылдығын атап өтеміз. Осы датаға орай түрлі іс-шара жоспарланып отыр. Біздің министрліктер мен ведомстволар белсенді жұмыс істеп жатыр. Үкіметаралық комиссия қарқынды жұмыс істеп келеді. Сыртқы істер, Қорғаныс министрліктері бірлесіп түрлі іс-шараны, соның ішінде ҰҚШҰ аясындағы бірлескен оқу-жаттығуларды және тағы басқаларын дайындап жатыр. Тауар айналымы өсіп келеді. Былтыр 34,4 пайызға өссе, биыл бес айда 9 пайызға дерлік, 8,8 пайызға өсті. Инвестициялар екі жақтан да артып келеді. Мәнінше, Ресей инвестициясы 18 миллиард долларға жетті, ал Қазақстанның Ресейге салған инвестициясы төрт жарым миллиард шамасында. Қазақстанның сауда-экономикалық серіктестері арасында Ресей бірінші орында тұр. Бізде сондай-ақ жақсы ірі жобалар дамып жатыр. Жоғары технологиялық салаларда, соның ішінде ғарыш саласында жұмыс істейміз. Жалпы, жұмыс барлық бағыт бойынша айтарлықтай қарқынды әрі оң бағытта жүріп жатыр. Біздің кездесуіміз, әрине, сенімді стратегиялық серіктестігімізді дамытуға қосымша серпін беретініне өте қуаныштымын, – деді Ресей басшысы.

ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАНДАРҒА ТАПСЫРМА БЕРДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ақордада Қауіпсіздік кеңесінің отырысы өтті. Отырыста қаруды өндіру мен сатып алу, сондай-ақ осы саладағы экспорттық бақылау мәселелері қаралды.

Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярдың, Индустрия және

инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевтың және Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың баян-

дамаларын тыңдады. Отырыс соңында Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдарға тиісті тапсырмалар берді.

ДЕЛДАЛДАРДЫ АНЫҚТАУҒА КҮШ ЖҰМЫЛДЫРАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары – Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы Серік Жұманғариннің төрағалығымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын ұстап тұру мәселелері бойынша кеңес өтті.

Өткен аптада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының құны 0,2%-ға өсті. Түтік кеспе (+2,1%), күріш, құнбағсы майы және тұз (+1,3%), ұн, сүзбе және қант (+0,6%) бағасы едәуір өсті. Көкөніс өнімдері – пияз (-4,6%), картоп (-1,8%), қырыққабат (-1,7%) және сәбіз (-1,5%) бағасы төмендеді.

Сауда және интеграция министрінің Сауда комитетінің төрағасы Ержан Қазанбаев облыстардағы сауда үстемесі жөніндегі комиссиялар мен мониторингтік топтардың жұмысы туралы мәселені көтерді. Ол комиссиялардың жұмысын толығымен қайта қарап, азық-түлік бағасының қалыптасуына тікелей әсер етіп отырған арадағы делдалдарды анықтауға жұмылдыруды ұсынды.

Әкімдер мен Ауыл шаруашылығы министрінің негізгі азық-түлікпен қамтамасыз ету туралы ақпараттың тыңдаған Серік Жұманғарин алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттерді белгіледі.

«Біз негізгі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндірушілер қауымдастықтарымен

кездесу сессиясын өткіздік. Айналым қаражатын қаржыландыру және бөлу схемасын қайта қарайтын боламыз, ЭМАТ-тың бес атауы бойынша өндірушілермен тікелей келісімшарт жасасу схемасына көшуді жоспарлап отырмыз. Біздің міндетіміз – тапшылыққа жол бермеу және негізгі азық-түлік өнімдері бағасының өсу қарқынын төмендету. Ең бастысы – толық бақылауды,

оның ішінде өңірлік комиссиялардың қызметін бақылауды қамтамасыз ету. Делдалдарды анықтау бойынша өңірлік комиссиялар құру – Мемлекет басшысының тапсырмасы. Олардың жұмысын Сауда және интеграция министрінің өңірлік бөлімшелерінің ресурстары есебінен күшейту қажет. Бұл жұмысты Сауда комитетіне тапсырамын» деді ол.



БИЫЛ 81 МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Биыл қыркүйек айында елімізде 41 мемлекеттік және 40 жекеменшік мектеп пайдалануға беріледі. Amanat партиясында өткен баспасөз мәслихатында партия жанындағы білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің төрайымы Жұлдыз Сүлейменова осындай мәлімдеме жасады.



Жұлдыз Сүлейменова партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында 2022 жылы 214,5 мың орындық 225 жаңа мектепті пайдалануға беру жоспарланғанын жеткізді.

«Мектептердің жалпы санының 138-і мақсатты құрылыс есебінен салынады. Қалған 61 мектеп жеке инвестиция есебінен тұрғызылады. Бұл ретте жаңа оқу жылының қарсаңында 37 мыңға жуық орынға негізделген 81 жаңа мектеп ашылуға дайын болуы тиіс. Әкімдіктер ұсынған мәліметке және жеке инвесторлармен алдын ала жасалған шарттарға сәйкес, биыл қыркүйек айында 41 мемлекеттік және 40 жекеменшік мектеп пайдалануға беріледі деп күтілуде» деді ол.

Былтыр Amanat партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында 160 мыңнан астам оқушыға арналған 277 жаңа мектеп пайдалануға берілді.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында археологиялық қазба жұмыстары барысында ат әбзеліне арналған алтын әшекейлер табылды.

Ғалымдар Күршім ауданындағы обаны қазу барысында ат әбзеліне арналған алтын әшекейлерді тапты. Қорған бұдан бұрын тоналған, бірақ екі жасырын орны сақталған. Сондай-ақ осы қорғаннан алғаш рет металл үзеңгі табылды, онда барыспен аң аулау сәті бейнеленген. Аталған жәдігерлер Өскемендегі мұражайға қойылды.



Каспий құбыр консорциумының өкілдері ҚБҚ-1 және ҚБҚ-2 (қашықтан байлау құрылғылары) уақытша істен шыққаны туралы баяндады.

Консорциум өкілдері мәліметінше, 2022 жылдың тамыз айында сүңгуір бригадалары ҚБҚ-1 және ҚБҚ-2 жабдықтар кешеніне жоспарлы техникалық қызмет көрсету кезінде суасты қалқыма-лы цистерналарына бекіткен жерінен жарықтар тапқан. Мамандар Қара теңіз маңындағы халыққа, теңіздің флорасы мен фаунасына қауіп жоқ деп сендіреді.



Google Maps Қазақстандағы жұмбақ орынды жариялады. Торғай трикветрі – ауқымды геолиф Ағаштыкөл ауылының маңында орналасқан.

Бұл – үш сәулелі свастика түріндегі қорған, диаметрі – 94 метр, орташа биіктігі – шамамен 70 сантиметр. Пентаграмма – бұл жұмбақ орын, ол ағаштардың қатарларымен жұқалау бейнеленген шеңбер ішіндегі жұлдыздың сәл боялған ізі болып көрінеді. Бұл үлкен форма Жоғарғы Тобыл су қоймасының оңтүстік жағалауында орналасқан.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов спортшыларға арналған медициналық орталықтың ашылу салтанатына қатысып, спорт саласының ардагерлерімен, жаттықтырушыларымен кездесті.



«Елордада спортшыларға арналған алғашқы медициналық орталық ашылды. Жаттықтырушылар мен спортшыларға арналған жеке медициналық мекеме ашу мәселесі кездесулеріміздің бірінде талқыланған болатын. Мәселен, осыған дейін спортшыларымыз №5 қалалық емхана базасында кәсіби тексерістен өтіп, ем алды. Бұл тексерулер өзге науқастармен бірге, жалпы кезек

бойынша жүргізілді. Ал бұл белгілі бір деңгейде ыңғайсыздық туғызып, спортшылардың сапалы дайындығы мен сауықтыру процесіне кері әсер етті. Спортшылар мен олардың жаттықтырушылары айтқандай, бұл жағдайда арнайы түрде спорт дәрігерлері болуы керек» деді қала басшысы.

Сауықтыру кешені А-82 көшесіндегі «Нұрлы жол» теміржол вокзалының

жанында орналасқан. Бұл орталық спортшылардың медициналық тексеруден емін-еркін өтуіне, денсаулығын оңалтып, қалпына келтіруіне, тіпті физикалық мүмкіндігін тексеріп, жарақаттың алдын алуға мүмкіндік береді.

Бүгінде спорт саласы қарқынды дамып, бәсекелестік артып келеді. Спортшылар әлемдік және олимпиадалық рекордтарды жаңартып, биік шыңдарды бағындыруда. Медициналық мамандарсыз үлкен спортта жеңіске жету мүмкін емес. Олай болса жаңадан ашылған медициналық орталық елордалық және ел намысын қорғайтын барша спортшылар үшін аса маңызды сауықтыру кешеніне айналады. Игілікті іс-шараға қатысқан спорт саласының мамандары осындай баға беріп, бір-бірінен сүйінші сұрады.



ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Алдымызда күз келеді. Жауын-шашынды күндері тілерсектен су кешіп кетеміз. Қаладағы нөсер кәріздерінің проблемасы қалай шешіледі?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Елордада нөсер кәрізі мен оның құрылысы бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіліп жатыр. Нұр-Сұлтан қаласында 146 проблемалы учаскеде су басу мәселесі шешілді. Қаланың ең проблемалы даңғылдарының бірі Б.Момышұлы даңғылы болатын. Толассыз жауын жауса, көліктердің жартысына жуығы су астында қалатын. Бұл даңғылда біз нөсер кәрізінің магистралды коллекторын салдық. Нөсер кәрізінің ұзындығы 500 метрді құрайды –

Дауылпаз көшесінен басталып, Б.Момышұлы даңғылынан өтіп, Елім-ай көшесіне дейін жалғасады. Жаңа құрылыс қолданыстағы нөсер кәрізі желілерінің өткізу қабілетін 1,5 есеге арттыруға мүмкіндік берді. Осы көшеге 130 км-ден астам нөсер кәрізі мен арық-науа жүйесі салынды, 1 мыңға жуық бақылау және жаңбыр қабылдағыш құдық, сондай-ақ 20 км коллектор тазартылды, 6,5 мың құбыр буландырылып, 350 тоннаға жуық тұнба қалдық шығарылды.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Бақытжан БАРМАҚОВ, елорда тұрғыны:

– Денсаулығымға байланысты уақытша қызметімнен қол үзіп қалғанымға көп болды. Қазір жұмыссыз жүрмін. Жұмыссыздарға мемлекет тарапынан қандай да бір қолдау бола ма?

Оқырман сауалына электронды еңбек біржасының кеңесін ұсынамыз:

– Алдымен enbek.kz-те жеке кабинет ашыңыз, жұмыс іздеп жүрген адам ретінде тіркеуге өтінімді толтырыңыз және ЭЦҚ-мен қол қойыңыз. Сіздің жұмыссыз ретінде тіркелу құқығыңыз автоматты түрде тексерілгеннен кейін жеке кабинетіңізде хабарлама күтіңіз. Тіркілгеннен кейін жұмыспен қамтуды қолдаудың мемлекеттік

шараларын таңдаңыз. Яғни жұмыссыз мәртебесі мемлекеттен қолдау алуға мүмкіндік береді.

Жұмыссыз ретінде тіркелгеннен кейін жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемге өтінім жолдаңыз. Әлеуметтік төлем алдыңғы жұмыс берушідегі жұмыс өтіліне және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың болуына байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалуы мүмкін.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР КӨРКЕЙЕ БЕРЕДІ

«Көктал» елді мекенінде жаңа қоғамдық кеңістік ашылды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов мәлім етті.



«Соңғы жылдары елорда маңындағы елді мекендерде 300-ден астам аула мен қоғамдық кеңістік (саябақ, гүлзар, жележол) абаттандырылды. Бүгін «Көктал-2» елді мекенінде тағы бір қоғамдық кеңістік ашылды. Жаңа орын тұрғындардың өтініші бойынша ескірген алаңның орнына салынды. «Қорғалжын» гүлзарында балаларға арналған ойын алаңы, спорт алаңы, іс-шараларға арналған орын, демалысты тыныш орында өткізуге арналған аумақ және т. б. орналасқан. Шахмат пен үстел теннисіне арналған арнайы үстелдер де бар. Жаңа орын көгалдандырылып, суару жүйесімен жабдықталды. Ауалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру кезінде балалардың да, жастардың да, аға буынның да мүддесін ескереміз. Мұның бәрі қала тұрғындары бос уақытын жақсы өткізуі үшін жасалып жатыр» деді қала әкімі.

ЖӘРМӨҢКЕ ЖЫЛ САЙЫН ӨТЕДІ

EXPO халықаралық көрме орталығында «Kids EXPO. Балалар әлемі» балаларға арналған тауарлар жәрмеңкесі өткізілді.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Бейсенбі, жұма күндерінің қорытындысы бойынша көрмеге 20 мыңнан астам адам келді. Демалыс күндері келушілер бұдан да көп болды. Бұл – кітап, кеңсе, тоқыма, білім беру және ойын-сауық индустриясының, балалар мен олардың ата-анасына арналған тауарлар мен қызметтердің өкілдерін бір алаңда біріктіруге мүмкіндік берген

алғашқы ірі қалалық жоба.

– Бес күн ішінде жергілікті тауар өндірушілердің, компаниялар мен ірі брендтердің 100-ге жуық қатысушысы өз өнімдерін қолайлы бағамен ұсынды. Іс-шараға Marwin, Abdi, FasTrackKids, Utaria, CAES, «Роботек», Foliant, «Алматыкітап» баспалары және басқа да ірі брендтер қатысты, – деп атап өтті «QazExpoCongress» ҰК» АҚ өкілі Ботагөз Жанайдарова.

«Жәрмеңке алаңының ыңғайлылығын ерекше атап өткім келеді. Мұнда мектепке дайындық үшін қажет нәрсенің

бәрі бар. Жәрмеңкеде ұсынылған 77 фирманың 30-ы – әлеуметтік ұйым. Сондай-ақ жәрмеңке бағалары бекітілген» деді «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының елордадағы филиалы директорының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Нүргүл Ахметова.

Жаңа оқу жылына санаулы күндер қалды. Балалар киімдері мен мектеп тауарлары жыл бойы өзектілігін жоймайды, бұл саладағы отандық өнім өндірушілердің қатары да бала саны өскендей көбейе түссе екен дейміз. Оқушылардың мектепке қажетті тауарлары мен киімдерін қамтамасыз ететін қызмет көрсету саласын қолдау және дамыту – мемлекеттің басты бағытының бірі.

HSBC мәліметінше, Сингапур 2030 жылға қарай Аустралияны басып озып, миллионерлердің ең жоғары үлесі бар қала болады.

Сингапурдағы миллионерлердің үлесі ересек халықтың 13,4 пайызын құрайды. Қала – қазіргі уақытта әлемдік қаржы орталығы. Рейтингіте одан кейін Аустралия (12,5 пайыз), Гонконг (11,1 пайыз) және Тайвань (10,2 пайыз) тұр. 2030 жылға қарай аталған төрт мемлекеттегі миллионерлердің үлесі Америка Құрама Штаттарына қарағанда жоғары болады деген болжам бар.



Hyundai Trans Kazakhstan зауыты Hyundai Accent және Hyundai Creta модельдерін шығаруды уақытша тоқтатады.

«Геосаяси жағдайға байланысты көктемде Ресей Федерациясынан құрамдас бөлшектерді жеткізу жұмысы тоқтап қалды. Осы уақыт ішінде компания қормен жұмыс істеді, сонымен қатар Hyundai Motor Company компаниясымен басқа елдерден бөлшектерді жеткізуге шұғыл квота беру туралы келісімге келді. Қолда бар барлық бөлшек игерілді» деп мәлімдеді компания.

БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

	Астаналық базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шынай)
22.08.2022	ELORDA.INFO			
ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ				
Бірінші сортты бидай ұны	550	650	700	800
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	150	120	140	150
Макарон өнімдері	380	285	300	350
Қарақұмық жармасы	750	710	620	600
Тазартылған күріш	550	460	450	450
Картоп	220	350	185	180
Сәбіз	280	260	190	250
Пияз	280	250	175	230
Қырыққабат	200	200	150	170
Қант	715	824	640	650
Күнбағыс майы	1100	1240	1030	1000
Сыыр еті	2750	2600	2200	2800
Тауық еті	1750	1600	1400	1700
Пастерленген сүт	300	480	420	380
Айран	400	408	420	450
Сары май	4000	4500	4500	3500
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	480	440	450	450
Ас тұзы	100	70	90	100
Сүзбе	1000	1200	1100	900

№99 (4377) 23/08/2022 Сейсенбі

«ҮЗДІКТІҢ» МАҚСАТЫН ТҮСІНДІРДІ



Елордада азық-түлік жәрмеңкелері өткізілетін орындарда мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары мен жастарды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпараттық буклеттер таратылуда. Жастарға көмек пен қолдау көрсетуге бағытталған «Үздік» жобасы аясында «Астана Жастары» жастар ресурстық орталығының қызметкерлері мен еріктілері «Еуразия», «Сауран» және «Барыс Арена» маңында ұйымдастырылған осындай 18 базарда тиісті іс-шаралар өткізіп, 4,5 мыңға жуық ақпараттық буклет таратты.

«Тұрғындардың көбі бұл бағдарлама туралы білмейді, сондықтан біз адамдар көп болатын жерлерге барып, осындай түсіндіру жұмыстарын жүргізуді дұрыс деп шештік. Біз жұмысы

жөк және еш жерде оқымайтын адамдарға қызығушылық танытамыз» деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының жетекшісі Аймақ Әлфараби.

Оның айтуынша, ақпараттық

буклеттерді таратудың мақсаты – елорда тұрғындарын 14-29 жас аралығындағы жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар туралы хабардар ету. Атап айтқанда, бұл тұрғын үй, жұмысқа орналасу мәселелері жөніндегі бағдарламалар, сондай-ақ бизнес идеяларға арналған гранттар.

«Бүгін жәрмеңкеде мен үйге қажетті барлық азық-түлік пен тауарларды сатып алдым, еріктілерді буклеттермен кездестірдім, олар жастарға арналған «Үздік» бағдарламасы туралы түсіндірді. Мен зейнеткермін, үй шаруашылығымен айналысамын. Бірақ менің балаларым бар, ұлдарымның бірі жұмысқа орналаса алмай жүр, ұйым қызметкерлері

осы жоба туралы қосымша ақпаратты егжей-тегжейлі айтып берді. Біздің қаламызда тұрғын үй және жұмысқа орналасу мәселелерін шешу үшін жастарға көңіл бөлінетіні мені қуантты» деді елорда тұрғыны Күләш Смайылова.

Жандос Берікұлы болса, еріктілер таратқан буклетте көрсетілгендей, мемлекеттік бағдарламалар туралы таныстарына айтатынын жеткізді.

«Мен жәрмеңкеге қолжетімді бағамен көкөністер мен жемістер сатып алуға келдім, елордада сенбі, жексенбі күндері ұйымдастырылатын жәрмеңкелерге бұған дейін де жиі келіп жүрмін және әр жолы өзіме керек заттарды арзан бағамен сатып аламын. Бүгін базар аумағында таратылған буклеттерге келетін болсақ, мен бұл бағдарламамен бұрыннан таныспын. Енді ол туралы таныстарыма да айтатын боламын. Себебі, бұл көптеген адам үшін өте пайдалы екендігі белгілі. Адамдар көп жиналатын жерлерге барып, осындай ақпараттармен бөлісіп жүрген еріктілерге айтар алғысым шексіз» деді Жандос Берікұлы.

«Астана Жастары» ЖРО-ның мамандары алдағы уақытта құрылыс нысандарын қамтуды жоспарлап отыр. Ондағы басты мақсат – елорда тұрғындарын елде жүзеге асырылып жатқан игілікті істерден үнемі хабардар етіп отыру.

ЖӘРМЕҢКЕДЕН ЖҰМЫС ТАПҚАНДАР

Елордадағы «Жастар» сарайында жұмыссыз азаматтар, пробация қызметінің есебінде тұрған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және алимент бойынша борышкерлер үшін жалпы қалалық бос орындар жәрмеңкесі өтті.

Азаматтарды бос жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру мақсатында өткізілген бұл жолғы жәрмеңке жұмысына елорданың 54 жұмыс берушісі қатысып, онда 1300-ден астам бос жұмыс орындары ұсынылды.

Жалпықалалық жәрмеңкеге 450-ге жуық жұмыс іздеуші қатысты.

Сондай-ақ, 9 жұмыс беруші, атап айтсақ «Астана-Теплотранзит» АҚ, «Green tal» ЖШС, «Мей-рим-М» ЖШС, «Электровоз Құрастыру Зауыты» ЖШС, «Басқару Колледжі» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ МКК «Сервис және туризм колледжі», ШЖҚ МКК «Жоғары медициналық колледжі» пробация қызметінің есебінде тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін 197-ден астам



бос жұмыс орындарын ұсынды.

Жәрмеңке арқылы жұмыс табуға ниетті азаматтардың басым бөлігі еңбекке енді араласатын жас мамандар болса, кейбіреулері тұрмыстық жағдайға байланысты жұмыс орынын ауыстыруды көздейді.

–Өз басым биыл колледж бітіргенмін. Бірінші рет жұмыс іздеп жүрмін. Алғашқы кезде әртүрлі мемлекеттік емес мекемеде жұмыс істеп көрдім. Жалақысы жоғарылау болғанымен, онда жұмыстың тұрақсыз екеніне көзім жеткен соң, жәрмеңкеге келдім. Ыңғайлы әрі маман-

дығым бойынша жұмыс тапқанымна қуанып тұрмын. Алдағы уақытта осындай жәрмеңкелер жиі ұйымдастырылып тұрса, жұмыссыз жүрген жастар азаяр еді деп ойлаймын, – деді елордалық Айдос Мақсатұлы.

Жұмыс берушілер қатарында қалалық Халыққа қызмет көрсету орталығы да болды. Осы орталық 5 бағыт бойынша бос жұмыс орындарын ұсынды. Мәселен, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» Нұр-Сұлтан қалалық филиалының өкілі елордадағы орталықтарға 50 адам жетіспейтінін атап өтті.

Бос орындар жәрмеңкесіне Нұр-Сұлтан қаласы Прокуратурасының, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының, Әділет департаментінің және Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің өкілдері қатысты.

Қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының жұмыс берушілермен өзара байланыс жасау бөлімінің басшысы Бақыт Рақышеваның айтуынша, жыл соңына дейін әлі дәл осындай 8 бос орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылады және 28 мың жаңа жұмыс орны құрылады.

ҮЙ ОРНЫНА – ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН

Елордада қала тұрғындарымен нақты құрылыс мәселелері бойынша кездесулер жалғасуда. Осылайша, аудандық әкімдіктер басқармалармен бірлесіп «Sport City», «Зам Зам», «Хайвил» және тағы басқа тұрғын үй кешендерінің тұрғындарымен бірқатар кездесулер өткізді.

Мысалы, «Sport City» ТК тұрғындары әкімдікке жақын маңдағы аумақта тұрғын үй кешені құрылысын тоқтату мәселелері бойынша жүгінді. Осылайша, «Sport City» және «Әсем тас-2» тұрғын үй кешендерінің арасындағы жер телімінде биыл ТК орнына сквердің құрылысы басталады. Сол ауданда 2400 орындық мектеп (2 ауысымда) салынууда. Қаланың бас жоспарында медициналық орталықты

орналастыруға арналған учаске бар («Хайвил Парк-1» артында орналасқан). «Хайвил» ТК тұрғындарының өтінішіне қатысты Байтұрсынов көшесі, 7 (Хайвил ТК) жер учаскесінде, бұрын айтылғандай, ТК орнына мектеп салынады. Бұдан бөлек, Қошқарбаев даңғылы мен Ақыртас көшесі маңында «Хайвил» ТК қарама-қарсы оқушы орындарының тапшылығын азайту мақсатында тағы бір жалпы

білім беретін мектеп салынады.

«Зам-Зам» ТК тұрғындарының өтініштері бойынша тұрғын үй кешенінің жанында биыл пайдалануға беру жоспарланған 4 мың оқушыға (2 ауысымда) арналған мектеп салынууда. Сондай-ақ, А. Бектұров (бұрынғы атауы №49), Төле би (бұрынғы атауы №51), №69 көшелерін, мектепке кіреберіс жолдарын салу жұмыстары жүргізілуде. Келесі жылы осы ауданда сквердің құрылысына кірісу жоспарлануда. Сондай-ақ, Күмісбеков көшесі, 9 мекенжайы бойынша 21 қабатты тұрғын үй кешені мен паркингтің орнына қоғамдық кеңістік пен сквер салынады.

Демалуға және серуендеуге арналған қоғамдық кеңістік

(сквер) салу бойынша осыған ұқсас жоспар Есіл ауданындағы №9 емхана мен №77 мектеп-гимназиясы арасындағы учаскеде жүзеге асырылады. М.Горький-Косыгин-Челюскинцев-Ишимская көшелерінің аумағында ТК орнына сквер салынады. Елорданың желілік паркінде ТК құрылысы тоқтатылды, саябақты абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Қабанбай батыр даңғылындағы Керей-Жәнібек хандар және Орынбор көшелерінің арасындағы жер телімінде қала тұрғындарымен өткен кездесулерде айтылғандай, медициналық орталық бой көтереді. Аталған жобалар бойынша егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына өзгерістер енгізілді.

Қазақстанда педагогтардың республикалық тамыз конференциясы 19-тамызға дейін жалғасты және дәл осы күні форумның қорытынды пленарлық отырысы өткізілді.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ НЕ?



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Екі апта бойы панельдік сессияларда педагогтар мектепке дейінгі, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім берудегі өзекті мәселелерді, балалардың құқықтарын қорғау және білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелерін талқылады.

«Тамыз конференциясының мақсаты – педагогикалық қауымдастықпен диалог орнатып, білім беру саласындағы проблемаларды, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру сапасын арттыру мәселелерін талқылау. Сондай-ақ жаңа оқу жылының басымдықтары мен негізгі міндеттері айқындалады. Шараға жаңашыл педагогтар, білім беру ұйымдарының үздік жетекшілері, сарапшылар мен ата-аналар қауымының өкілдері қатысады. Спикерлер дөңгелек үстелдер, шеберлік сабақтары мен презентациялар өткізеді» деді Оқу-ағарту министрлігінің

Мектепке дейінгі және орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова.

Тамыз конференциясында сөз алған ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов жаңа оқу жылындағы жаңалықтарды жария етті.

Қазақ тілінде оқытатын 1 сыныптарда балалар тек қазақ тілінде білім алады. Әрі қарай 2 сыныпта орыс, 3 сыныпта ағылшын тілдері қосылатын болады. Ал, орыс тілінде оқытын 1 сынып оқушылары үшін қазақ, орыс тілдері оқытылады, ағылшын тілін 3 сыныптан бастап оқиды.

Үш ауысымда оқытын мектептерден басқа барлық мектеп бес күндік жұмыс форматына көшеді. Бұл оқу жылының созылуы және оқу жүктемесінің қысқаруы есебінен жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда «1 топта 2 тәрбиеші» қанатқалы жобасы енгізіледі.

Колледждерге академиялық дербестік беріліп, мемлекеттік тапсырыс кәсіпорындарға орналастырылды.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІККЕ НЕ КЕДЕРГІ?

Қалада қазір автокөлік жүргізушілері көп ретте аялдама алаңына тоқтай салады немесе көліктерін қалдырып кетеді. Осылайша қоғамдық көліктің қозғалысына кедергі келтіреді. Бұл өз кезегінде әр автобустың аялдамаларға уақытынан кеш келуіне, қоғамдық көліктердің кестеге сай қозғалысының бұзылуына себеп болады.



Райхан РАХМЕТОВА

Көліктік бақылау департаментінің қызметкерлері күн сайын аялдама алаңдарына көлік құралдарының тоқтауы мен тұрақтауы бойынша құқық бұзушылықтарды анықтау, автобустардың қауіпсіз кіруі мен шығуына кедергі болдырмау үшін жұмыс жүргізеді. Осы құқық бұзушылық үшін ҚР ӘҚБтК-нің 597-бабының 3-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік және 10 АЕК мөлшерінде айыппұл қарастырылған.

– Жыл басынан бері Көліктегі бақылау департаментінің қызметкерлері жинаған материалдарға сәйкес жалпы сомасы 15 млн теңгеден асатын 983 заң бұзушылық бойынша

әкімшілік жауапкершілік шаралары қабылданды. Автокөлік жүргізушілерін жол жүру ережелерін сақтауға және жол қозғалысының басқа қатысушыларын құрметтеуге шақырамыз, – дейді СТС компаниясының қоғаммен байланыс департаментінің директоры Нұрсұлтан Ибраев.

Департамент директорының айтуынша, бүгінгі таңда қалада 1400 аялдама бар. Соның ішінде әсіресе, «Asia Park», «MEGA Silk Way» сауда орталықтары мен «Көркем», «Арман қала», «Тұрсын Астана» тұрғын үй кешендері, №4 емхана және «Астаналық», «АйМақ-Тау» базарлары маңайындағы аялдамаларда осындай заң бұзушылықтар жиі орын алады.



Бүгіндері Шымкенттен шығып, Ташкентке бет алған жолаушылардың бәрі болмағанмен, көпшілігі Қазығұрт ауданының Сарапхана ауылын басып өтетін күрежолдың оң қапталындағы биік жотаның біраз бөлігін алып жатқан «Мәңгілік ел» кешеніне соқпай кетпейді.

КӨТЕРДІ БӘРІН АУЫРДЫҢ

немесе «Анаға тағзым» ескерткіші туралы бір үзік ой

Олар саябақты, осында бой көтерген ескерткіштер мен кесенелерді аралай жүріп, сөз жоқ, керемет бір әсерге бөленеді, ел тарихында өшпес ізі қалған толағай тұлғалардың өмірі мен ерлігіне қаныға түседі. Демек, елімізге танымал руханият жанашыры, меценат Бекет Тұрғараевтың бастамасымен қолға алынған, келушілерді ел тарихына бойлататын, жастың да, жасамыстың да Отанға деген сүйіспеншілігін оятатын бұл тарихи-мәдени кешеннің болашақ үшін де маңызы зор десек қателеспейміз.

Тұтас кешенді құрап

ер-азаматтар майданда қан кешіп жүргенде, бақытын соғыс ұрпаған арулар олардың орнын басып, белдері қайыса жүріп еңбек етті, қарттар мен балаларды аман сақтауға, жеңісті жақындатуға баға жетпес үлес қосты. Өлім мен өмір белдескен 1418 күн мен түн! Қаншама әйел қара жамылғып, соғыс жесірі атанды. Жарын, әкесін, баласын күтуден жалықпаған, қосағының қарашаңырағын құлатпауды, ар-ұятты ойлаумен таңды атырған асыл аналар қандай құрметке болсын лайық. Аяулы, қаһарман Аналар – бұл

гер-ақын Сырбай Мәуленовтің «Соғыстан қайтқан солдаттар» өлеңінің:

*«Жаутаңдап қарап
дала тұр,
Көз жасын сүртіп
жаңа бір.*

*Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып
ана жүр.*

*Қанша үйдің ұрлап
адамың,
Қанша үйде сөніп қалды
оттар*

*Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан
солдаттар.*

*Кешікпей жарым
келер деп,
Төрінен сайлап орынды.
Батысқа қарап елеңдеп,
Ару жүр тосып*

жолыңды...»

деген жолдары еріксіз ойға оралады.

Осы арада бұл бейнені адам сезіміне әсер етіп, көңіл толқынына тебіреніс туғызатын алып ескерткіш етіп жасаған, аналарымыздың мейірімге толы келбетін келісті кескіндеген биік өнердің белесіне шыққан, кешегі Кеңестер одағының Мемлекеттік сыйлығының иегері атанған, Ресейдің халық суретшісі, Ресей Өнертану ғылым академиясының академигі, әлемге кеңінен танымал «Мемлекеттік Бурганов музейі» шеберханасының 85 жастағы атақты суретшісі Александр Николаевич Бурганов екенін айта кетсек, артық болмас.

Біз «Мәңгілік ел» саябағындағы өнердің озық туындысы деп бағалауға лайық бір ғана ескерткішті сөз еттік. Ал мұнда ұлттың тұғыры биік тұлғаларын, мағынасы терең, мазмұны биік мұраттарды дәріптейтін ескерткіштер мен кесенелер шоғыры жетерлік. Олай болса, аталмыш кешеннің биілі Абай атындағы әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылуы өте орынды демекпіз. Мемлекеттік комиссия ұсынылған шығармалардың сұлулық сипатымен қатар, терең мағына маңызына да көңіл бөлетініне, әділ шешім қабылдайтынына, туған жер төсін «Мәңгілік саябақпен» көркейткен шығармашылық топтың еңбегіне жоғары баға беретініне сенеміз.

**Жарасбай
СҮЛЕЙМЕНОВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі,
мағжантанушы**

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ МҰРАСЫН МҰРАТ ЕТКЕН



**Аманғали
КАЛЖАНОВ**

Абай әндері бала кезінен бойына сіңді. Оның себебі ұлы ақын туған топырақта өсіп, ержетті.

Өнер жолын да Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрынан бастады. Сыдық Мұхамеджановтың «Ақан сері-Ақтоқты» операсында Ақанның партиясын орындап, тұсауы кесілді. Одан кейін осы туындының либреттосын жазған классик қаламгер Ғабит Мүсіреповтің қолқалауымен «Қыз Жібекте» Төлегеннің партиясын шырқады. Жалпы осы театрда 1981-1996 жылдары жетекші солист болды. Осы уақыт аралығында орыс, қазақ, Еуропаның 30-дан астам операсында басты партияларды орындап, театрдың бүкіл репертуарына енді.

1996 жылдың мамыр айында Ақмола облысы әкімінің орынбасары Светлана Жалмағамбетованың шақыруымен осы өңірге гастрольдік сапармен келді. Атбасар, Есіл, Қорғалжын аудандарында, облыс орталығында бірнеше концерт берді. Дәл сол уақытта Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін құру туралы Елбасы Жарлығы шықты. Өңірде қайта құрылған оқу орнының басшысы Амангелді Құсайыновты құттықтап шығайын деген ниетімен университетке бас сұқты. Сол кезде риза болған ректор: «Кенжеғали, міне мәртебелі университетке айналып жатырмыз. Болашақ астанаға келсеңші. Біздің музыка факультетінің деңгейін көтеріміз керек. Сенің атағың және тәжірибең бар. Сен маған керексің. Жағдайыңды жасаймын: төрт бөлмелі үй беремін» деді. Мұны күтпеген өңірде театрдың біраз әншілерін ала келсем бола ма?» деп сұрады. Амангелді Құсайыновты бұған келісіп, шұғыл түрде кадр бөлімінің басшысы Жанна Әбдірахмановаға Мәдениет министрі Талғат Мамашевқа жолданатын опера және балет театрынан университетке ауысу туралы хат дайындады.

Әрине, Алматыдан Ақмолаға қоныс аудару туралы шешімді қабылдау оңайға соққан жоқ. Өңірдегі әріптестерімен ақылдасты. «Ол жер астана болу үшін кемі жарты ғасыр керек. Астыңнан су шықты ма? Театрда өз орның бар. Барлық басты партияларды орындайсың. Көбінің оған қолы жетпей жүр. Жеке концертпен ел аралап, гастрольге шығып тұрасың. Ол жақта өңірдегі әншілеріңе қолыңды, Алматының аты – Алматы» деп ешкім қолдамады. Ал министр Талғат Асылұлы керісінше бұл шешімді қолдап, батасын берді. Содан тамыз айында тәуекелге бел буып, «Ақмола, қайдасың?» деп Арқаға тартып отырды.

Арада бір-екі ай өткенде «Алматыдан – Ақмолаға» атты жеке концертін берді. Сол кезде «Қазақстанская правда» газеті бірінші бетіне суретін басып, «Болашақ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония, Қазақ ұлттық өнер университеті... Елорданың бұл іргелі оқу және өнер ордаларының тарихы күміс көмей, жезтаңдай әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, өнертану профессоры Кенжеғали Мыржықбайдың есімімен тікелей байланысты. Осы білім және мәдени ошақтарының қалыптасуына өзінің өлшеусіз үлесін қосты. Ал жеке шығармашылығында ұлы Абайдың ән мұрасы ерек орын алады. Хакімнің әндері мен оның өлеңдеріне жазылған туындылардың бірден-бір насихатшысы – Кенжеғали Тұрсынбекұлы.

Шыңғыстаудан Маңғыстауға дейін, яғни еліміздің шығысынан батысына дейін барып, Абайдың әндерін әуелете шырқады. Концерттік бағдарламаларымен шетелдерді де аралап, бас ақынымыздың музыкалық мұрасын танытты.

Еркеғали Рахмадиев – Кенжеғали Мыржықбайдың талантты ерте бастан тап басып таныған тұлғаның бірі. Композитор Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваторияның ректоры кезінде музыкалық мектептер мен училищелердің, консерваторияның дарынды түлектерін Мәскеу мен Ленинградқа оқуға жіберетін. Кенжеғали Тұрсынбекұлы оның жолдамасымен Ленинградтың Н.Римский-Корсаков атындағы консерваторияға оқуға барып, осы оқу орны бітірді.

Осылайша өзі айтатындай, Абай топырағында туып, Пушкин елінде білім алды. Ал қазақтың ұлы ақынының ән мұрасына әбден кемеліне жеткен шағында келді. «Абай қырық жастан асқанда ғана өз өлеңдерін атын қоятын болды» деген дерек бар. Кенжеғали Тұрсынбекұлы да осы жас шамасында хакімнің музыкалық мұрасының насихатын қолға алды.

«1993 жылы өңірде отаны, салсерілердің мекені, хан жайлаған Көкшетауда Ақан серінің 150 жылдығы аталып өтілгенде, сол дүбірлі тойға біз де қонақ ретінде шақырылған едік. Сол мерейтойға операның Ақаны ретінде шақырылған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Кенжеғали Мыржықбай Ақан мен Абайдың әндерінен тұратын «Ақаннан – Абайға» атты жеке концертін беріп, қала тұрғындары мен тойға келген қонақтарды риза қылып, аталған концертпен бүкіл Көкше өңірін аралап шыққанды да білеміз» дейді биология ғылымдарының кандидаты Зинат Мухитдинова.

2006 жыл Қазақстанда Абай жылы, Ресейде Пушкин жылы болып белгіленді. Соған орай Кенжеғали Мыржықбай «Абай және Пушкин» атты концерттік бағдарламасымен Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларынан бастап, Астрахань, Орынбор, Самара, Омбы, Томск, Барнаул, Новосібір сияқты Ресейдің бірнеше өңірін бір айға жуық аралап, он бес концерт берді. Ұлы ақынның 160, 170, 175 жылдықтарында да ән мұрасын елімізде және алыс-жақын шетелдерде насихаттады. «Өзгеге көңілді тоярсың» атты күйтабақ шығарды. Оған Абай әндері және ақын өлеңдеріне ән жазған Сыдық Мұхамеджанов, Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди, Нұрғиса Тілендиев, Еркеғали Рахмадиев, Мыржасар Маңғытаев, Тұрсынжан Шапай, т.б. композиторлардың 15 туындысы енгізілді. Абайдың 175 жылдығына орай өткізген «Жүрегім, нені сезесің?» концерті Абай атындағы әдебиет және өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатыр. Ұлы ақын топырағында туып, оның атын иеленген опера және балет театрынан өнер жолын бастап, 15 жыл сонда бас партияларды орындаған, оның үстіне 30 жыл бойы Абайдың музыкалық мұрасын талмай насихаттап келе жатқан Абай облысы Абай ауданының құрметті азаматы Кенжеғали Тұрсынбекұлы бұл сыйлыққа әбден лайық.



тұрған әр ескерткіштің шертер сыры мол. Түн ұйқысын төрт бөліп, бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін, адамзатқа әлемнің жарығын сыйлаған, дүниедегі ең аяулы жан – аналардың құрметіне орнатылған «Анаға тағзым» ескерткіші де алыстан көзге шалынады. Биіктігі 11 метрлік бұл ескерткіш 2020 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына орай орнатылды. Ананың келісті келбетін ескерткіштің тұғырындағы мына сөздер де толықтырып тұрғаны сөзсіз: «Ескерткіш көпұлтты Кеңестер Одағы халқының елдігі мен ерлігіне сын болған Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 75 жыл толуына арналды. Тағдырын оққа байлаған

Ескерткіш Мәңгілік Ел ұрпағының өздеріңізге деген шексіз ризашылығының белгісі!»

Ескерткіште жас сәбиін иығына көтеріп, майданға кеткен ер-азаматтарды жоқтатпай, егіс даласында қол орақпен егін орып жүрген ауыл еңбеккері – қарапайым қазақ әйелі бейнеленген. Оның қолымен маңдайын көлеңкелеп, алысқа қараған мұңлы ажарынан тағдырдың тауқыметіне мойынсынабай, Жеңісті жақындатуға өз үлесімді қосамын деген ұмтылысын аңғарасыз. Осы бейне арқылы атақты мүсінші соғыс өртінің өшкеніне ғасырға жуық уақыт өтсе де, оның зардабы зор болғанын еске салады.

Осы ескерткіштің алдында тұрғанда майдан-

№99 (4377) 23/08/2022 Сейсенбі

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВВАГОНЫ КӨНІЛДЕН
ШЫҚПАДЫ

«Жолға аттанар күні «Тальго» пойызы Алматы қаласынан Нұр-Сұлтан қаласының ескі темір жол вокзалына 40 минуттай кешігіп келді. Осыншама ақшаға билет сатып алған соң отбасымызбен бұл пойызды тура бір сағатқа жақын күткеніміз ұнамады» деді жолаушымыз.

– Дегенмен сабыр сақтап, жылдамдығы мен жайлылығы үшін құнын арттырып тұрған шығар деп вагонға келіп жайғаса бастадық. Сөйтсек, екі вагонға бір есіктен кіреді екен. Қазақстанның темір жол желісіне осы пойыз шыққалы «Орал мен Ақтөбе қаласына жол қысқарды» дегенді естігенмен, бұл пойызға алғашқы отыруым еді. Бәріміз сығылысып бір есіктен кіргеніміздің өзі көңіліме кірбін түсірді. Ішке ену бағытты тек шағын ғана жанып-өшіп тұрған сызықпен көрсетілген. Оны үлкен кісілер байқамауы да мүмкін. Одан әрі купенді іздеймін. Екі-үш жылда бір қыдырып бара жатқан адамның зағы аз бола ма? Дәлізде қарсы кездескен адаммен кептелдік те қалдық. Абырой болғанда, ол жастау еді. Қарсы тұрған купеге кіріп, бізге өзі жол берді.

Купеге кіріп едік, бізден бұрын бір адам жайғасып алған екен. Барлық жерге затын толтырып салып тастапты. Сөйтсек, ол Ақтөбе қаласына көшіп бара жатқан неміс әйелі екен. Енді не істейміз? Жолсерікті шақырдық. Ол әйтеуір сол кісінің жарты затын өз купесіне алып, бұл мәселе шешімін тапқандай болды. Купеде орын өте тар. Жоғарғы орындағы төсегіме жайғасу үшін жолсерікті шақыртып, кілтпен ашқызып түсіртіп алуым керек. Астыңғы орындағы отыруым үшін де жолсерікті шақыруым керек. Шай ішейін деп едік. Қайнамаған қанжылым су құйып берді. Қайнаған суды тек вагон-мейрамханадан сатып алуым керек екен.

Ал енді әжетханаға барғандағы көрген қиындығымды айтсам, сенбеуіңіз мүмкін. Өзім салмағым бір пұттан артықтау, етженді кісі едім. Үсті-басымды суға былғап, купеге малмандай болып келдім...



«ТАЛЬГО» ТАЛҒАМҒА САЙ МА?

Нұр-Сұлтан қаласының «Нұрлы жол» вокзалына билет алуға келген танысым «Тальго» пойызының Орал қаласына дейінгі билет бағасын көріп есінен танып қала жаздаған. Бір адамға тек бару бағасы 25 мың теңге болып кетіпті. «Бұл неге қымбат? Неге бұлай?» деген сауалға кассада отырған қыздар: «ағай, билет бағасын белгілейтін біз емес. Сәл арзандау алғыңыз келсе, ертерек қамдану керек еді» деген уәж айтыпты.

Қазір жаз мезгілі. Керек жеріңе жету үшін әп дегенде билет табу да қиындық туғызады. «Ұшақ билеті одан да қымбат» дегенді естіген жолаушымыз, амалы жоқ, алты адамға барып-келу билетін алған кезде қалтасына салмақ түскенін анық байқады.

Міне, бұл – тамыз айында Орал қаласына сапар шеккен жолаушының «Тальго» пойызы туралы ой-пікірі. Ал оның қауіпсіздігі туралы Петропавл қаласының тұрғыны да өз пікірін білдіріпті.

КУПЕДЕГІ КӨРШІЛЕРІ
ҚАТТЫ ҚОРҚЫТҚАН

– Туған жерім Петропавл қаласына мен жылына бір рет барып тұрамын. «Тальго» пойызы шыққалы жол қысқарды. Бұрынғы 9 сағаттың орнына енді тек 6 сағат қана уақыт жіберемін. Бұл пойызды о баста тез жүреді, қауіпсіз деп мақтаған соң билетті тек осыған алатын едім. Дегенмен елімнен кейін оралар сапарымда жүрегім біраз шайлығып қалды. Сол жолы купеге менімен бірге

екі ер адам отырды. Екеуі де әңгімешіл екен. Күні бойы ауыздары бір дамыл таппай сөйледі де отырды. Әңгіме арасында әдепсіз сөздерді де айтып қояды. Сондай кезде мен оларға қастарында әйел адам келе жатқанын айтып, ескерту жасаймын. Бір кезде екеуі «мейрамханаға кеттік» деп шығып кетті. Екі-үш сағаттан қайтып оралғанда мінездері де өзгеріп кеткен. Біреуінің көзі аларып кетіпті. Тілі байланып қалған. Екіншісі айтады: «Қалқаманға артықтау болып кетті-ау. Жаңа аздап есірткі шегіп еді» деп. Жолсерікті шақырып, мені басқа купеге ауыстыруым сұрадым. Ол бір жас жігітпен келісіп, мені көрші елімнен кейін оралар сапарымда жүрегім біраз шайлығып қалды.

Өткен жылы қазан айынан бастап «Тальго» пойызында

Алматы-Өскемен, Алматы-Маңғыстау бағытында тек қана әйелдер вагонын шығарыпты деп естітім. Енді осындай жобаны басқа бағдарларға да көбейтіп, іске қосса екен, – дейді елорда тұрғыны Әсия Мұратова.

Маусым айында «Жолаушылар тасымалы» АҚ бұрынғы бас директоры Питер Штурм баспасөз мәслихатын өткізді. Сонда ол кісіге «Тальго» пойызы билетін арзандатуға болмай ма? Көріп жүргеніміздей, жаз мезгілінде болмаса, басқа уақытта вагондар жартылай бос келеді» деген сұрақ қойылды.

«Жоқ, ол әзірге мүмкін болмай тұр. Бұл – халықаралық тәжірибе. Билетті 40-45 күн бұрын алса, анағұрлым арзан болады» деді. Алайда қазақстандық тасы-

малдаушылар сол халықаралық тәжірибенің үлгілі жағын көрсете алмай отыр. 25-30 мың теңгеге билет сатқанмен, пойыздар 15 минуттан 1-1,5 сағатқа дейін кешігіп келеді. Оның себебін сұрасаң, «жол-жөнекей жөндеу жұмысы жүріп жатыр, рельс қызып кетеді, жолаушы пойызы жүк пойызына жол береді» деген сияқты жауап естисіз.

Шетелде пойыз белгіленген кестеден кешіксе, әр сағаты үшін жолаушыға қомақты өтемақы төлейді екен. Осы үрдісті бізде де неге енгізбеске?

ЖОЛДА МҰҚИЯТ
БОЛУ ҚАЖЕТ

Жаңа тәртіп бойынша «вагондар күніне үш рет сыпырып,

тазаланады. Ал санитарлық тораптар тәулігіне 12 ретке дейін жуылып, тазалануы тиіс» деп жазылған пойыздың қағидаттар кітабында. Алайда қай жолаушыдан сұрасаң да күніне екі-үш рет жуып-тазалап жатқан жолсерікті көрдік деп айта алмайды. Есесіне жолаушылар тастаған ас қалдығы мен қоқыстан себеттер асып төгіліп, иін тіресіп тұрады. Дәретханада кейде қол сүртетін қағаз бен әжетхана қағазы болмай қалады. Едені сүртілмей, судан шалқып жатады. Ал осының барлығын жолаушылар үнемі ескертіп, айтып жүруі керек пе? Оның үстіне, ауа-баптағышты күні-түні қосып қояды. Ол біреу үшін жақсы шығар. Ал біреудің денсаулығына зиян, салқын тиеті. Айтуларына, ол азайтып, бәсеңдетуге келмейді екен. Тіпті болмаған соң біреулер купедегі ауабаптағыштың бетін қағазбен жауып қойып, жан сақтайтын көрінеді. Кейде су ішетін бір реттік стақандар таусылып қалады. Мұны кейбіреулер ұсақ-түйек санауы мүмкін. Бірақ «Тальгодағы» бүгінгі көрініс осындай. Әр жолаушыдан қомақты ақша алған соң, соған сәйкес қызмет көрсетуі керек емес пе?

Байқамасаңыз, «Тальго» пойызында жолыңыздан қалып қоюыңыз әбден мүмкін. Билет «Алматы-Орал» бағдарына «Нұрлы жол» вокзалынан сатылғанмен, пойызға елорданың ескі вокзалынан отырарсыз. Бірақ ол билетке көрсетілмеген. Екіншіден, Нұр-Сұлтан-Орал бағытындағы билетке елордадан шығарда Нұр-Сұлтан уақыты көрсетілген де, Оралдан пойыз Орал уақыты бойынша жөнелтіледі. Айырмашылық – 1 сағат. Байқасаңыз жолаушы пойыздан қалып қоюы әбден мүмкін. Бірақ билет құны қайтарылмайды.

Сол баспасөз мәслихатында бұрынғы бас директор Питер Штурм «жолда мұқият болыңдар» деген сөзді бірнеше рет қайталады. Іә, жолаушы жолда мұқият, байқампаз болуы қажет. Біз сол «Тальго» жүрдек пойызынан жолаушылар байқаған кемшіліктерді жеткіздік. Ал оны түзету – басшылық қызыретінде.

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІГЕ ТОҚТАМ БАР МА?

Шылымғау көк түтінін будақтатып отырғандардың арасынан үлкендерді ғана емес, жастарды да көруге болады. Әсіресе олар электронды темекіге немесе вейпке әуес. Жарнамасы жер жаратын темекінің жаңа түрін көпшілік кәдімгі темекіге қарағанда зиянсыз деп санайды. Осылайша залалы ұшан-теңіз темекі түріне тәуелділер қатары тыйылмай тұр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде 1 миллиард адам темекі шегеді. Оның ішінде жылына 8 миллион адамның өліміне бұдан шыққан у себеп болады. Еліміздің ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының соңғы 2019 жылғы зерттеуінің мәліметіне сүйенсек, 11 жасан 15 жасқа дейінгі электронды темекі шегетін жасөспірімдер саны 3 есе, ал қыздар арасында 2 есе өскен. Көш басында 3,9 пайыз көрсеткішпен алматылық жасөспірімдер тұр.

Вейп деп аталатын темекінің ішіне сұйық никотин мен екі мыңға жуық химиялық зат құйылып, оны қыздыратын кішкентай батарея орнатылады. Темекі шегуге арналған сұйықтықтың температурасы жоғарылаған кезде, бу шығаруға арналған қыздыратын құрылғы ерін мен ауыз қуысының қабығын күйдіреді. Батарея істен шыққанда, бу шықпай, құрылғы жарылып кетуі де мүмкін. Мұндай жағдай шетелде тіркеліп,

жастар арасында жиі кездесетін көрінеді. Осылайша электронды құрылғының тілін таппаған жасөспірімдер артынша опық жеп жатады.

Ағзасы толық жетілмеген балалардың никотинмен уланып жатқанына дәрігерлер алаңдап отыр. Ең сорақысы, ол жүрек-қан тамырлары мен өкпе, бүйректі зақымдап, жүйке жүйесіне кері әсер етеді. Вейп құрамында болатын түрлі жеміс-жидектің хош иісі, яғни улы заттың тәтті болуы тәуелділікке әкеледі. Никотин өз кезегінде жас баланың болашақта темекі шегушілердің қатарынан табылуын 2-4 есе арттырады.

Никотиннен басқа, вейптерде глицерин, пропиленгликоль (E1520), хош иісті қоспалар, сондай-ақ көптеген химиялық қосылыс бар, олардың кейбіреуі әлі де белгісіз. Мысалы, Джонс Хопкинс университетінің ғалымдары электронды темекінің өндірушілер ашпаған мыңдаған белгісіз химиялық заттар бар екенін мәлімдеді.



Зерттеу нәтижесінде вейп құрамында бұрын-соңды болмаған үш химикат анықталды.

Сондай-ақ 2019 жылы АҚШ дәрігерлері EVALI атты өкпе зақымдануы ауруын анықтады. Мамандардың айтуынша, шектен тыс темекі шеккендіктен, адам өкпесі қабынуының негізгі себебін электронды темекінің құрамдас бөліктері тетрагидроканнабинол (марихуананың құрамындағы белсенді зат) мен Е дәрумені ацетатымен байланыстырады. Ресми мәлімет бойынша аталған аурумен 2807 адам ауруханаға жатып, 68 адам қайтыс болды.

Темекінің залалын білсе де, көпшілік тұтына береді. Әлеуметтік желі арқылы таралған

темекінің саудасы қызып тұр. Вейп дүкендерінің саны да көп. Түтінсіз темекінің бағасы 3 мың теңгеден басталып, 30 мыңға дейін жетеді. Бағасы қымбат болғанмен, көпшіліктің суранысы жоғары. Тіпті дүкендердің өзінде тәттілердің жанына қойылып, емін-еркін сатылууда. Заң бойынша 21 жасқа толмаған азаматтарға темекі өнімдерін сатуға тыйым салынған. Алайда сатып алушының құжатын тексеріп жүргендер аз.

«Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық коалициясының көшбасшысы, дәрігер Жәмила Садықова дүкенде вейптердің емін-еркін сатылып жүргеніне наразы.

«Электронды темекіні сатушылар чупа-чупстың, түрлі тәттінің жанына, баланың көзі түсетін жерге орналас-тырады. Флэш-дискілер, ерін далабы, фломастерлер түріндегі құрылғылардың жарқын дизайнының арқасында балалар мен жасөспірімдерге бақылаусыз сату жүзеге асырылып келеді. Өндірушілердің сөзіне сенген балалар мен ересектер ақиқатын білмей, вейпті көрсе «зиянсыз өнім» бейнесін елестетеді. Ата-ана қарапайым темекіге қарағанда вейптің иісін сезбейді. Сондықтан олар баласының темекі шегетінінен де бейхабар. Бұдан басқа, трендтегі темекі балалар мен жасөспірімдер үшін қаржылық тұрғыда қолжетімді, бағасы 2000 теңгеден басталады. Мұның бәрі жастар арасында «вейп эпидемиясы» деп аталатын жағдайға әкеледі» деді қоғам белсендісі.

Мұндай індеттің алдын алу-дың бірден-бір амалы ретінде Қазақстанда снюс деп аталатын темекі түріне тыйым салу секілді вейп айналымына да толық тыйым салу қажет. Әлемнің 35-тен астам елі бұл індеттің алдын алып, сатылымнан шығарған. Елімізде де сырттан әкелінетін никотинді тұтынудың электронды жүйелерін сатуға және пайдалануға заңнамалық түрде тыйым салу қажет.

Электронды темекіге қатысты мәселені бірқатар депутат 2021 жылдан бері көтеріп келеді. Соңғы өзгерістер 8-маусымда

Мәжіліс отырысында талқыланды. Денсаулық кодексіне құрамында сұйық, газ, хош иістендіргіштер сияқты темекі қоспалары бар электронды құрылғыларға, яғни электронды темекіге қатысты өзгертулер енгізіп, Қазақстанда оларды сатуға және пайдалануға толық тыйым салатыны жайлы Мәжіліс депутаты Аманжан Жамалов айтқан-ды.

– Осы уақытқа дейін Қазақстанда қыздырылатын темекіге ешқандай салық салынбай келгенін білесіздер. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, оның зияны қарапайым темекіден еш кем емес. Бүгін депутаттар сондай стиктерге акциз салу туралы шешім қабылдады, – деді А.Жамалов.

Жәмила Садықованың айтуынша, қазіргі уақытта Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске электронды тұтыну жүйелері мен сұйықтықтардың айналымына тыйым салу бөлігінде түзетулер енгізу жоспарланып отыр. Аталған өзгерістерде электронды темекіге де, кәдімгі темекіге де қойылар талап бірдей. Себебі екеуінің де залалы көп.

Электронды темекі мәселесі ертеңді күттірмейді. Ұрпақ болашағын ойласақ, трендтегі темекіні ермек көрген бала болашақта тәуелділер қатарын толықтырмасын десек, қауіптің алдын алу қажет.

Индира БЕРЖАНОВА

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ НЕ ҮШІН СӘЛЕМ САЛАДЫ?



...2010 жылы Бекет Атаның 260 жылдығына бардық. Жиынның үшінші күні аламан бәйге 300 киіз үй тігілген Жиыңғылды сайында өтті. Біз үйге кіргенде көздің жауын алатын нақышты қамзол, бүрмелі көйлек киген келіншектер сәлем салып жатты. «Бақытты бол!» «Көп жаса!» «Ұл тап!» дестік.

Дастархан басында ортаға әйелдер не үшін сәлем салады деген сұрақ тасталды. Оған сол жердегі жас келіндер «ізет, құрмет қой!» деп жауап беріп жатты. Тек жасы алпысты алқымдаған бір апай ғана:

«Ізет, құрмет – сәлемнің сыртқы мағынасы, ал, ішкі мағынасы – алған жарының аман болғанын Тәңірінен тілеу! Оның дәлелі – қазақ әйелі күйеуі өлген күннен бастап сәлем салуын тоқтатады. Тоқтату міндетті емес, бірақ салмауына болады, өйткені Тәңірі оның тілегін орындамады ғой!» деп жауап берді.

Келіншектер: «Апай, айтқаныңыз қандай жақсы болды, күйеуі өлсе салмайтынын естігенбіз, бірақ, не үшін екенін білмейтін едік» деп, риза болып қалды.

Демек, әйел атаулы «алғанын аман болса екен!» деп шын жүректен тілесе, сәлем салуға тиіс. Тіпті, «оқу өтіп кеткен» дейтін қайнаға, қайната тап болып, «салмай-ақ қой!» десе де «мақұл, көке!» деп алып, сәлем сала бергені жөн, өйткені оған алғанының аман болғаны ғой ең керекті. Бірақ, әйел жесір қалған соң да ізет үшін сәлем салуын тоқтатпаса, ешкім оған ұрыспайды, қайта батасын береді.

Қазақтың исламға дейін қалыптасқан тағылымға толы осынау керемет салтын

көнердіге санап, күресінге лақтырып жібергісі келетіндер де бар. Ал, негізі «Алла-Тағала Адам Атаның қабырғасын Хауа Ааны жаратқан соң, «міне, сенің өмірлік серігің» деп таныстырғанда оның басына ақ жаулық салып көрсеткен екен, Хауа Ана Адам Атаға иіліп сәлем салыпты» деп жазады «Салт-дәстүр сөйлейді». Біреулері бұны оның мән-мазмұнын білмегендіктен, алдыңғы буын айтпағандықтан, дәстүр тамыры үзіле бастағандықтан істесе, екіншілері әсіредіңшілдікке ұрынады.

Мысалы, «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Сенбілік таң» хабарын жүргізуші қыз жасы 40-тан енді асқан әнші Нұрлан Еспановтың келіншегіне «әлі күнге дейін сәлем салады екенсіз ғой, көрерменге де бір сәлем салыңызшы» деді. Өтініші орындалды. Қазақтың бұл қызына қазақтың салты таңсық көрініп тұр...

Қазақтың даласы мен тауын қажымай-талмай зерттеген еңбегі үшін фамилиясына қосымша ат жалғанған орыс ғалымы академик П.Семенов-Тянь-Шанский: «Қазақтарды оқытып қажеті жоқ, олардың салт-дәстүрлері тұнып тұрған білім!» деген екен. Құндылықтың бағасына жете білетін ғұлама солай тамсанса, «АҚШ демократиясының

атасы» атанған, осы мемлекеттің негізін салушылардың бірі, оны 8 жыл басқарған Томас Джефферсон есімді әлемге әйгілі саясаткер: «Жақсы заңың болғанша жақсы дәстүрің болсын!» деп шорт кеседі. Неге олай қатты айтады? Өзінің мемлекетінің халқы қырық рудан құралған ел болғандықтан тамыры тереңге кеткен әдет-ғұрыптан мақұрым екенін көргендіктен, және оның орнын ешнәрсе толтыра алмайтынына көзі жеткендіктен айтып отыр.

Біздің ұлтымызға бүгінгі таңда ең керекті – бірлік. Татулық. Ынтымақ. Ауа жайлылығың кез келген түрі, оның үлкен-кішісі болмайды, ұлттың ыдырауына ғана жұмыс істейді. Дін де ұлтқа, ұлттың бірлігіне қызмет етуі тиіс. Дін – адам үшін, адам – дін үшін емес! Алла-Тағала: «18 мың ғаламдағы жаратқан нәрсенің ішіндегі ең абзалы – адам!» деген екен. Ортамыздағы көзі тірі ғұлама Абдулла қажы Жолдасов ағамыз: «Дін – халық үшін! Ең әуелі халықты халық ететін оның тілі, одан кейін салт-дәстүрі, содан кейін барып діні. Дін – салт-дәстүрге сүйеніп, ақыл-ойдың арқасында өмір сүретін адам баласын жаңылыстырмайтын, адами жолдан шығартпайтын қалып» дейді.

Ендеше, біз де ата-бабамыздың мыңдаған жылдар сүзгісінен өткен, сол арқылы өзінің онегелі-үлгілілігін, өміршеңдігін дәлелдеген салт-дәстүр, әдет-ғұрыпмызды көзіміздің қарашығындай сақтағанымыз, әсірешілдікке ұрынабағанымыз абзал болар.

Өмірзақ АҚЖІПТ

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ШЕНДІНІ ШІРЕНГЕНІ КІМГЕ КЕРЕК?!..

18 тамыз күні БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерриш Украинаға келді. Осы сапарда бас хатшының қарапайымдылығы жұртты сүйіндірді. Ұшақтан түскеннен кейін чемоданын өзі сүйреп келе жатқан фотосуреті әлеуметтік желіні әп-сәтте шарлап кетті. Бұл фотосурет бізге де біраз ой салды.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Әрине қарапайымдылыққа еті үйренген Еуропа елдерінің азаматтарына мұның түк те таңқаларлығы жоқ болғанымен, қазақтың басындай мансапқа қолы жетсе, кердеңдеп жүре алмай қалатын біздің елдің шен-шекпенділерімен салыстырғанда, бұл шынымен де жан сүйінетін жағдай. Өткенде Ұлыбританияның премьер-министрі Борис Джонсон да Украинаға келгенде Зеленскийге сыйға тартуға әкелген кітаптарын қолтығына қысып, өзі көтеріп жүрді. Аяғында әдеттегі кроссовка. Бір елдің билеушісімін деп оқтау жұтқандай оярылып отырған жоқ, қарапайым. Осыдан бірер жыл бұрын тағы да осы Борис Джонсонның басына тоқыма малақай, үстіне жөнсалдау қаптал шапан киіп дүкеннен зат сатып алып жүрген видеосын алдекімдер әлеуметтік желіге салып жіберген болатын. Сол видеоны көрген әлем жұртшылығы премьер-министрдің қарапайымдылығына айрықша тәнті болған-тұғын.

Ал бізде жағдай мүлде керісінше. «Ұлық болсаң кішік бол», «меуелі ағаш иіліп тұрады» деп атам қазақ әуелде-ақ айтқанымен, бұл күнде оны ескеретін ешкім жоқ. Кісіні киіміне, тұлғаны ұсқынына қарап сыйлайтын болдық. Сосын да біздің азаматтар жұмсақ орындыққа жайғасып, бір мансаптың басын ұстаса, кердиді де қалады. Сол күннен бастап оны қарапайым орындарда көру де қиын. Киімді қырлап киіп, сағатты

сәндеп салып, сыртқы «айбатын» асыруға барын салады да, қарапайым халық жүретін жерлерге мүлде баспай кетеді. Өз басым астанада жүрген 5 жылдан бері бірде-бір ірі шенеуніктің Шанхай, Шары, Орталық базар сынды халық көп баратын орындарда жүргенін көрген емеспін. Мүмкін олар жоғары жалақы алған соң, ондай арзан базарға барғаннан арланатын да шығар, бірақ елдің жағдайын, базардың беталысын білу үшін аптасына болмаса да, айына бір барып аралап шықса, шені төмендеп, шекпені шешіліп қалмайды ғой.

Ірі лауазым иегерін демалыс күндері саябақтарда, аялдамада, асханада, ойын алаңында, тіпті қарапайым моншада да кезіктірейсің. Журналистер сұрақ қойса, қант емес, бал жеймін, тосап жеймін деп қарапайым халықты қайран қалдырады, қысылмай аста-төк той жасайды, бала-шағасы малынып жүреді.

Қытайдың патшалық тарихында Қаң Ши деген патша болған. Сол билеуші елдің жағдайын білу үшін ешкімге айтпай, қарапайым киініп үнемі ел аралап кетеді екен. «Қытай тілін үйренейік, Қытаймен тату болайық» дегенді ұдайы дәріптейтін басшылар алдымен өзі неге Қытай билеушілерінің осы қасиетіне елкітемейді екен деген ойға келесіз.

Бір ауыз сөзбен айтқанда, біздің біраз шенеунік көбіне сықырп киініп алып, қымбат сағат тағып, жаналықтардан жылт-жылт етіп көрінгенді жаны сүйетін сияқты. Жақындау үшін ең болмаса андасанда жерге түсіп тұрса екен...

ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕКПЕН ҚАМТЫЛДЫ

ӘМСҚ: осы жылдың 1-жартыжылдығында елордада науқастар 7 млрд теңгеден аса соманың тегін дәрі-дәрмектерімен және медициналық бұйымдарымен қамтамасыз етілді.



«Амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз етілуіне, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жеке-кеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады» деп хабарлайды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының баспасөз қызметі.

2022 жылдың 1-жартыжылдығында Нұр-Сұлтан қаласында 7 млрд. 11 млн. теңге сомасына 464 704 тегін рецепт бойынша 148 870 науқас тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Оның ішінде:

	Пациент	Рецепт	Сомасы
ТМККК	109 607	286 857	5 млрд 163 млн. теңге
МӘМС ересектер	67 206	161 299	1 млрд 611 млн. теңге
МӘМС балалар	10 237	16 548	236 млн. теңге

«Олардың ішінде МӘМС жүйесінде дәрі-дәрмекпен қамтылған балалар: жіті респираторлық инфекциямен – жоғарғы тыныс жолдарының аурулары бойынша – 1 156 бала және төменгі тыныс жолдарының аурулары бойынша – 3 462 бала; теміржетіспеушілігі анемиясымен – 517 бала; пневмониямен 680 бала; синуситпен/бадамша безі (миндалин) және аденоид ауруларымен 222 бала және т.б.» деп атап өтті «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының директоры Нұрлыбек Қабықапаров. Амбулаториялық қамтамасыз ету бұйрығына сәйкес, емхана дәріханаларында МӘМС жүйесінде тегін берілетін барлық (антибиотиктер, ыстық түсіретін препараттар, темірқұрамды препараттар,

сондай-ақ басқа да спецификалық препараттар және т.б.) қажетті дәрілер бар. Медициналық сақтандыру қоры пациенттер құқығын қорғайды. Қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда:

- Qoldau 24/7 мобильді
- қосымшасы
- @saqtandyrybot телеграмботы
- 1406 байланыс орталығы
- Қордың fms.kz сайты

кері байланыс арналары арқылы Қорға хабарласуға болады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры өтінішіңізді қарап, тиісті шара қабылдайды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалының баспасөз қызметі

МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА КӨМЕК БЕРІҢІЗДЕР!

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ!

Елордадағы қарт еңбек ардагерлері Юрий Михайлович Суетнов (84 жаста) және жұбайы Александра Васильевна Белинская (82 жаста) отбасымен қайғылы жағдайға ұшырады. Тұрғын үйлері бүкіл дүние мүлкімен өртеніп кетті. Соның салдарынан материалдық көмекке зәру болып отыр. Қызы 4 баласымен бірге тұрады, барлығы сегіз адам.

Үйсіз қалған отбасы құрылыс материалдарына, тұрмыстағы шаруашылыққа қажетті заттарға, киім-кешек және т.б. дүние-мүлікке мұқтаж.

Біздің қолдауымыз қажет. Біз барлық қала тұрғындарын мұқтаж жандарға көмек беруге шақырамыз.

Мекенжайы: «Интернациональный» ТК, Көксай көшесі, 27 үй. Байланыс телефоны: немересі Юлия 87783288829.

Біз бүкіл әлемге көмектесеміз!

Қалалық Ардагерлер кеңесі

«Астана-Теплотранзит» АҚ «Нұр-Сұлтан қ. Қабанбай батыр даңғылы 7/2, 7/3, Ду 80-200мм бойынша УТ6(30) бастап «Ақ Орда» ТК дейінгі жылу трассасын қайта жаңарту» жұмыс жобасы бойынша көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық талқылаулар 2022 жылдың 31 тамыздан бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталдың сайтында өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecportal.kz> Бірыңғай эко-

логиялық порталында таныса аласыз. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бастамашы – «Астана-Теплотранзит» АҚ. Тел. 8(7172) 77-12-02.

Қоршаған ортаның қорғау бөлімінің жоба әзірлеуші жеке кәсіпкер «Погорелов В.Ф.» тел. 8(702)2919119.

Жергілікті атқарушы орган – «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Тел. 8(7172)55-75-79.

«Астана-Теплотранзит» АҚ «Нұр-Сұлтан қ. Бейбітшілік к-сі, 24, 26, 28, Бөгенбай батыр к-сі, 50/1, Әуезов к-сі, 27, 25, 2 Ду 57мм-219мм үйлердің бойындағы 134 кварталдағы жылу трассасын қайта жаңарту» жұмыс жобасы бойынша көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Қоғамдық талқылаулар 2022 жылдың 31 тамыздан бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталдың сайтында өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecportal.kz> Бірыңғай эко-

логиялық порталында таныса аласыз. Ескертулер мен ұсыныстар 5 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Бастамашы – «Астана-Теплотранзит» АҚ. Тел. 8(7172) 77-12-02.

Қоршаған ортаның қорғау бөлімінің жоба әзірлеуші жеке кәсіпкер «Погорелов В.Ф.» тел. 8(702)2919119.

Жергілікті атқарушы орган – «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Тел. 8(7172)55-75-79.

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ТӨККЕН ҚҰНДЫ ТЕР

«Астана ақшамы» газетінде ұзақ жыл қызмет істеген, еліміздің ақпарат-баспасөз саласында 40 жыл тер төгіп, осы саланың өркендеп дамуына өз үлесін қосқан майталман журналист Таңатар Абдоллаұлы Төлеуғалиев «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Төсбелгіні «Elorda Aqparat» ЖШС директоры Олжас Сыдықбек табыс етті.

Таңатар Төлеуғалиев журналистик салада қырық жыл қызмет істеді. Еңбек жолын облыстық «Орал өңірі» газетінде корректор болып бастаған ол осы басылымда тілші, аға тілші, бөлім меңгеруші болды. Батыс Қазақстан облысы әкімі жанындағы Қазақстан халқы кіші Ассамблеясы хатшылығында кеңесші болып қызмет істеді.

Журналистің ширек ғасырлық өмірі елордамыз – Нұр-Сұлтан қаласының тыныс-тіршілігі, өсіп-өркендеуімен тікелей байланысты. 1998 жылы елордаға көшіп келіп, «Астана Ақшамы» газетіне жұмысқа тұрды. Қаламының қарымын танытып, астаналық басылымның бөлім меңгерушісі,

бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Бұдан кейін «Астана» журналы, Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасы, «Қазақстан теміржолшысы» газеті, «Казконтент» акционерлік қоғамында басшылық қызметтер атқарды. Кейін «Астана Ақшамы» газетіне қайтып оралып, содан бері елорданың бас басылымы арқылы қаланың дамуына өзіндік үлесін қосып келеді. «Астана ақшамы» газетінде «Құқық» бетін жүргізіп, қоғамда орын алып жатқан келеңсіз жағдайларды қаламымен түйреп, содан сақтануға шақырды. Ақындығымен де танылған әріптесіміздің қазірге дейін екі кітабы (поэзиялық және публицистикалық) жарық көрді.



ШАХМАТ ТАҚТАСЫНДАҒЫ ТАРТЫС

Елорданың Алматы ауданы әкімдігі және осы ауданның Белсенді өмір сүру орталығының қолдауымен Алматы ауданының ардагерлері арасында шахматтан турнир өтті. Аудандық Ардагерлер кеңесі ұйымдастырған жарыс еліміздің Конституциясы күніне арналды.



Жарысты Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин және «Белсенді өмір орталығы» ком-

муналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Мұхтар Еркетаев ашты. Аталмыш турнирді аудандық Ар-

дагерлер кеңесі жыл сайын өткізеді. Оған жас бойынша шектеу қойылмай, бәрі қатыса алады. Осы жолы 89 жасар Климентий Цай, Көбес Әмішев және 75 жастағы Сұлшаш Есенбаева ең үлкен қатысушылар болды. Оларға ойынға белсенді қатысқандары үшін алғыс хат пен бағалы сыйлық тапсырылды. Ал орын ала алмағандарға естелік сыйлық табысталды.

Ерлер арасында бірінші орынды Серік Қуанышбаев, екінші орынды Тұрсын Қадырбаев, үшінші орынды Совет Келдібаев иеленді. Әйелдер арасында жүлделі орындарды сәйкесінше Кенжетай Жанұзақова, Сұлшаш Есенбаева және Бәтима Түсіпова алды.

Шахмат турнирі «Арқа әуендері» халық ансамблі, «Елорда» халық хорының солистері Үмітжан Қықымова мен Ермек Тұрлыбаевтың музыкалық нөмерлерімен және Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен аяқталды.

КӨПТЕН КҮТКЕН ЕРЕКШЕ КЛУБ

Елордада UFC жұлдызы, жастардың сүйікті спортшысы Хабиб Нурмагомедовтің қатысуымен көптен күткен спорт клубы ашылды.

Қала әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы елорданың Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен бірлесе ашқан «Profit» аула клубы халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға арналған.

– Бұл спорт клубын 2019 жылы «Агрогородок» ауданында ашу туралы ұсыныстар айтылған еді. Міне, бүгін клубты ашуға әлемдік деңгейдегі спортшы Хабиб Нурмагомедовтің қатысуы бәріміз үшін үлкен тарихи сәт болды, – дейді «Астана Жастары» ЖРО жетекшісі Шыңғыс Тілеулин.

Әлеуметтік кәсіпкер Альми-



ра Борамбаеваның айтуынша, клуб мектептермен бірге жұмыс істеп, педагогтармен

байланысты болады. Мұнда көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан

шыққан балалар және жетімдер мен асыраушысы жоқ балалар тегін жаттығатын болады.

– Әлеуметтік педагогтар тізімінде тұрған балаларды клубқа шақырамыз. Клубтар әлеуметтік маңызды аудандарда орналасқан. Қазіргі балалар ерекше пір тұтатын спортшыны клубтың ашылуына шақырып, оған тұсаукесер рәсімін жасату арқылы жаңа жобаға елдің назарын көбірек аударуды көздеді. Бізді қолдап, келісімін берген атақты спортшыға алғыс білдіреміз, – дейді кәсіпкер.

«Profit» орталығының аталған филиалында 550 бала тіркелген. Ашылу салтанатына солардың ішінен 10 жасан жоғары 100-120 бала қатысты.

Баян АСЫЛБЕКОВА

Үндістанның Ченнаи қаласында өткен Дүниежүзілік шахмат олимпиадасында әлемнің 188 елінің 2 мыңнан аса шахматшысы тақта үстіндегі ой тартысында шын мықтыны анықтады. Айтулы спорттық бәсекеге сарапшы ретінде қатысқан Кәусар Бауыржанды әңгімеге тарттық.

ӘЛЕМДІК ДОДАҒА ҚАЗЫЛЫҚ ЕТТІ

– Үндістандағы олимпиаданың қорытындысы бойынша «Азияның көрнекті шахмат төрешісі» атаныпсыз. Құтты болсын!

– Рақмет!
– Сізден бөлек қай отандасымызға құрмет көрсетілді?

– Үндістан төрінде өткен ақыл-ой алаңында Гүлмира Дәулетова «Азияның көрнекті шахмат ұйымдастырушысы», Жансая Әбдімәлік «Азияның көрнекті

шахматшысының қатарына кіреді. 2021 жылы 26-28 желтоқсанында Польшаның астанасы Варшавада қаласында өткен жылдам шахматтан (блиц) әлем чемпионатында Нодирбек Абдусатторов алтыннан алқа таққан-ды. Ең бастысы, Ойбекстанда шахмат танымал спортқа айналып, қарқынды дамуында мектеп бағдарламасына пән ретінде енуі оң әсер етті.

Екінші жағы, шахматтан әлемдік



шахматшысы», Бибісара Асаубаева «2021 жылғы Азияның көрнекті шахматшысы» және Дилайла Сәдуақасова «Азияның әлеуметтік желісінің жұлдызы» марапатына ие болды.

– Енді шахматшылардың өнеріне тоқталсаңыз. Нәтижеге көңіліңіз тола ма?

– Ерлер арасында 189 команда қатысса, біздің команда 17-ші, әйелдер арасындағы ой жарысына 162 команда бақ сынаса, біздің қыздар 5-ші орыннан көрінді. Салыстырмалы түрде алғанда жақсы нәтиже.

– Өзбекстан мен Украина командасының жетістігіне қызғана да қызыға қарадық. Аталған елдердің нәтижелі өнерінің сыры неде?

– Дұрыс айтасыз, Өзбекстанның ерлер және Украинаның әйелдер командасы топ жарды. Аталған елдер кездейсоқ чемпион болған жоқ. Бұл елдер шахматқа ақыл-ойды дамытатын спорт ретінде қарайды.

Украинаның әйелдер командасының чемпиондық рухы бар, талай рет халықаралық бәсекелерде жүлде алды. 1992 жылдан бергі олимпиадаларда Украинаның әйелдер командасы 2 рет бірінші, 2 рет екінші, 3 рет үшінші орын алды.

Бүгінде өзбекстандық гроссмейстер Нодирбек Абдусатторов, Аниш Гири әлемнің үздік 10

рейтингте үздік ондыққа кіретін Ресей және Қытай шахматшыларының қатыспауы да өз әсерін берді-ау.

– Шахматтан сарапшы, төреші ретіндегі тәжірибеңізге тоқтала кетсеңіз.

– 2015 жылдан бері төрешілік қызметке бет бұрып, Малайзия, Моңғолия, Түркия, Қытай, Греция, Иран және Үндістанда өткен халықаралық турнир мен чемпионаттарда шахматшылардың ойының бақылап, төрелік еттім.

– Шахмат адамның зияткерлік қабілетін дамытумен қатар шыдамдылығын шыңдап, аналитикалық ойлау қабілетін арттыратын спорт түрі. Солай емес пе? Шахматты қалай дамыту керек. Маман ретінде пікір білдірсеңіз.

– Әрине, мемлекеттік деңгейде мән беру маңызды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов мектеп бағдарламасына шахматтан факультативті сабақ енгізетініне қуанып қалдым. Саннан сапа шығатыны анық. Мектеп қабырғасында зияткерлік ойынды меңгерген жастар биік жетістіктерге жететініне сенемін.

Өзім 2015 жылдан бері «Intprofchess» атты шахмат мектебін ашып, балаларға осы ойынды үйретіп келемін.

Сұхбаттасқан Нұрлат БАЙГЕНЖЕ